ӘОЖ 37.02

К.Ж.Ибраева

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана
(E-mail: ibraeva_kz@mail.ru)

Түркі халықтарының педагогикалық мұрасы мен тәрбиелік идеялары

Мақалада түрік халықтарының тәжірибесінде тәрбиені зерттеудің теориялық әдіснамалық, әлеуметтік, тарихи-педагогикалық қажеттілігі жалпы көзқарастары бар. Бұл бүтін бір тарихи кезеңнің мінез-құлқын бойына сіңірген, қоғамдық, саяси, әлеуметтік бітімі қанық, моральдық, этикалық, рухани қазынамыздың негізі, арқау боларлық дүние. Ондағы бүгінгі тілімізге, ой-толғамымызға төркіндес, етене жақын орамдарды көргенде, қазақ әдебиетінің солармен тікелей сабақтаса жалғасқан дидактикалық поэзия мен шешендік сөздердің, билердің орағытып, ой тастайтын кең тынысты толғамдарының дәстүрлі бірлігі «мен мұндалап» тұрады. Автор қоғам мүшелерінің мінез-құлық және әдеп-ғұрып нормаларын жыр еткен этикалық-дидактикалық мазмұндағы көркем туындыны талданған.

Кілт сөздер: Құтты білік, Ж.Баласағұн, әдеби жәдігерлер, асыл мұра, ұлттық мінез-құлық, гуманизм, тарих, дидактикалық поэзия мен шешендік сөздер.

Әйел алмақ болсақ, егер қарарсың
Жіті бағып, таңдаулысын аларсың.
Жақсы болсын тегі, заты, ұрығы
Пәк ұятты болсын жанның тұнығы.

Дұрыс үйдің қызын ал, қол тимеген,
Сенен өзге еркек жүзін көрмеген.
Сені сүйіп, басқа жанды білмесін,
Жаман, тексіз қылық істеп жүрмесін.
(4475)

Қазіргі өмірдің әлеуметтік-экономикалық тәртіптері ортақтығы жағдайында дамыған этнопедагогика халықтың еңбек пен тұрмысы, оның педагогикалық идеялары, ғасырлар бойы білім ұмтылысы, тарихи өзгерулердегі әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күресі, отбасындағы өз балаларының жақсы болашағы туралы үмітін бейнелейді.

Бұның толық бейнесі, әсіресе, тілде, отбасының күнделікті өмірінде, оның тәрбие тәжірибесінде, отбасы-тұрмыстық мәдениетінде, сонымен бірге тәрбиенің фольклор сияқты маңызды түрлерінде дейміз.

Гуманизм, табиғатпен үйлесімділік, халықтық, еңбекке тәрбиелеу, сезімталдық, тәрбиенің жүйелілігі мен біріздiлігі, талапкер бірлігі, бала тұлғасына ілтипат пен құрмет — бұлар ұрпақ тәрбиелеудің халықтық жетекші бастаулары жүйесін құрайды деп білеміз. Ал халықтық тәрбиенің құрамды бөлігі — отбасы тәрбиесінің жалпы бағытын, оның мақсаты, мазмұнын және ұйымдастыру әдістемесін анықтайды [1].

Қазіргі кезде отбасы, бала тәрбиесіне көңіл бөлінгенмен көптеген кемшіліктеріміз әлі де әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты жоқ емес. Бала, отбасы тәрбиесі әр қоғамның кезінде болса да күрделі мәселе.

Көне түркі заманын толғаған бұл туындыда да осынау өмірлік мәні терең тақырып арнайы орын алған. Яғни, Баласағұнның шығармасындағы 62-тарауында (4475–4503) — қандай әйелді алу керектігі жайында өте терең, түсінікті жастарымызға ұғымды, әрбір отбасы ұлы мен қызына қазіргі күнде де ескертіп түсіндіруге болады.

Ежелгі қоғам дәстүрінің қазір де халық санасында жалғасқанының куәсі боламыз. Ақын үйленудің, өмірлік жар таңдаудың оңай еместігін, отбасының тағдырын шешуші келешекте әйел баланың өмір, тұрмыс, денсаулығына байланысты екенін түсіндіріп, ұрпақ келешегі, ел келешегі осыдан басталатынын ескереді. Белгілі ақын, ежелгі түркі әдебиетін зерттеуші-ғалым Асқар Егеубаевтың кісілік кітабы ғылыми эссесінде бұл тараудың мазмұны туралы былай депті: «Әйелдерді

Репозиторий КарГУ

төрт-бес топқа «бөліп» мінездегенде, таңдағанда мән беретін ең бір елеулі мәселе ретінде әлеуметтік жағдайды меңзейді». Ауқатты жерден шыққан әйел, төменгі кедей ортасынан шыққан әйелдің мінез-құлқы, қылығы жырланады. Сұлулыққа табынғаннан да опа таппайсың. Бектігіне қызығып та бақытты бола алмассың. Текті бай жерден де рахат жоқ. Әйел алмай, қайын алғандай болу да бейшаралық... Ақылды, есті жігіт ақылды, пәк, жаны мейірімді жарды қалар, Ақылды әйел кездессе, жаныңды сал, үйленгін. Ондай жардан жоғарыда айтылған әйелдерге тән жақсы қасиеттердің бәрін де табасың», — дейді Жүсіп Баласағұн [2].

Ғұламаның осындай ретті өсиетіне неге көңіл аударма сқа бүгінгі жастарға? Біз жаңа қоғам құру үстіндеміз. Алды-артымызды толық жинақтай алмай жатырмыз. Бүгінгі күні отбасы тәрбиесіне немқұрайлылық таныту қай елдің болмасын болашағына балта шабар зобалаң екенін естен шығармауымыз керек. «Ұлын өсіріп ұлттымен, қызын өсіріп қылықтымен ауылдас» болатын халыққа, «Ана — үйдің берекесі, бала — үйдің мерекесі» деген қазақ халқы. Қазіргі қазақ неке отбасының тәрбиесінің жәй-күйіне байланысты жасыруы болмайтын тағы бір үлкен шындық — ол жастар мәселесінің мемлекет тарапынан ескерусіз қалуы. Отан отбасынан басталғанмен үлкен өмірге жолдама алар балабақша, мектеп, жоғары оқу орындарындағы мардымсыз тәрбие көздері бітелгендей күйде. Бұл қасірет. Бұл шет елдің әдепсіз менталитетіне көзсіз еліктеуге әкеп жол ашады. Осы орайда рухани бос кеңістіктерімізді тек қана имандылық нұрына суғарылған ата-баба дәстүрі ғана алатынын тағы да баса айтқанымыз жөн. Неке-отбасы тәрбиесіне мемлекеттік тұрғыда шара қолданбай тәуелсіздік тұғырынан сәулетті ету мүмкін емес. Әрине, ұрпақ тәрбиесі — ұлт болашағы, ал ана тілі ұлт бесігі. Адамды адам ететін қоршаған орта және отбасындағы өнегелі тәрбие десек, сол ортаны танып білуге көмек беріп, көрсетуіміз абзал.

Мәселен, «Аға болсаң, ақыл айт, ақыл айтсаң мақұл айт», Інісі сабырлы болмай, Ағасы қадірлі болмас», «Арбаның алдыңғы дөңгелегі қалай дөңгелесе, соңғы дөңгелекте солай дөңгелейді» деген аталы сөздер бір жан ұядағы балалардың біріне-бірін үлгі-өнеге тұтуға үйретіп, тәрбиелеген. Олар бірінің білмегенін екіншісі толықтырып, бір-бірне қол ұшын беріп, қамқоршы әрі қорған болып, намысын қорғауға баулиды. Олар үлкенді-кішіге ізет көрсетіп, өзін қамқоршы ретінде ұстайды. А.С.Макаренко айтқандай, бала тұлғасының қалыптасуы отбасының өмір сүру тәсілінен, олардың тәжірибесін қабылдауымен сипатталады.

Қазақтарда «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген мақалды ерекше бағалаған. Ақын Баласағұнда бала тәрбиесіне арналған тарауында осы проблеманы қоғамдық-әлеуметтік деңгейге көтере жырлайды. Жалпы дастанда бала, ұрпақ мәселесіне қайта-қайта оралып отырып көптеген кеңес-нұсқауларын жастарға жолдаған.

Ұлттық тәрбиенің әліппесін нәресте шыр етіп жерге түскен күнінен бастап, тіпті анасының құрсағында жатқанда-ақ сана-сезіммен ақыл-ойының, әдет-ғұрпының өнегелі түрде қалыптасуына, үнемі ықпал етіп отыру қажет. Халқымыз «Жастан берген тәрбие — жас шыбықты игенмен тең» дейтін нақыл сөзді бекер айтпаған. «Ұл мен «ұлы» сөзінің түбірі, төркіні бір. Ақынның тікелей бала тәрбиесі жөнінде, адам пендесі бақ-байлық, даңқ қуып өлерінде ғана есін жиып, бала тауып, бала өсір деп өкінер деген 63 тарауы арналған. «Тәрбиеші ал ізгілікті, киелі, Ұл-қыз жақсы, таза болып өседі. Ұл-қызыңа әдет үйрет, білім бер, қос жалғанда нәсіп көріп, күлімдер. Әйел әпер ұлға, қызды ерге бер, Қайғы-мұңсыз тірлікке не тең келер! Ұлыңды үйрет күллі өнер, білімге. Ол өнермен дүние табар түбінде деген ойшыл бабамыз халқымызға.

Бұл өлеңінде халқымыздың дүние танымынан өрбіген жаңұя, балалар мен ата-аналар жөніндегі ұғымдарын, түсініктерін ашып көрсетуге үлкен орын берілген. Осы үрдіс халқымыздың тұрмыс-тіршілігінен, өмір тәжірибесінен шыққан ежелгі дәстүр. Ата-ананы сыйлау, пір тұту — түркі халықтарының айнымас қасиетінің бірі. Өмір беріп, өнеге көрсеткен әке, ақ сүтін беріп, тоғыз ай, тоғыз күн құрсағында сақтап, құрсақ тәрбиесінен бастап, әлпештеп аялап өсірген ана алдындағы қарыз сезімі әр адамның адамгершілік деңгейінің өлшемі болып табылады. Ата-ананы құрмет тұту халқымыздың қанында барлығы дінімізде, салтымызда, ақынымызда, жырымызда, әнімізде, күйіміз де қолдап бірін-бірі толықтырып дәлелдей түседі деп білеміз.

Қазақ халқымыз отбасындағы осындай өзіне тән тәрбиелік ережесі ұрпақтың ауыз бірлігін, бірін-бірі жолына қарай құрмет көрсетуі ішкі жан сезімінің сүйкімділігін, мінез-құлық ережесінің қалыптасуының негізгі шарттары.

Дүниеге келген баланың бала болып өмір сүріп кете салуы да оңай емес. Үлкен күтім, жылы алақан, қамқор әке, ата, әже, ана еңбектері керек. Сондықтан әрбір отбасының мүшелерінің

Репозиторий КарГУ

қарттарын қадірлеп сый-құрмет көрсетілуін, ол нағыз адам болатынына тән адамгершілік қасиет деп түсіндіреді.

Халқымыздың тарихында аты әлемге әйгілі, ұл-қыз өсіріп, еліне елеулі, халқына қалаулы болған аталар болған. Аналар атымен аталған рулар мен жер аттарын кездестіреміз. Олар: Домалақ ене, Қарашаш ана, Мұрын ана, Дәулет бике, Қарқабат ана сияқты аналарымыз еліне әйгілі боларлық ұл-қыз өсіріп, бір ру тайпаның атын иеленіп, өнегелі істері аңызға айналып, бүгінгі жастарымызға жетті деп білеміз.

Осыған орай қазіргі жастарға да, ескеру керегі — ол жар таңдау, ұл болса қызды таңдап, дұрыс жүр шыңдап қарап, сынап теңін алу, қыз болса, құлқы жақсы болу, келісті жағымды мінез, қылықтары болу керек деп ескертуіміз қажет. Қыз баланы тәрбиелеу бір жөн де сақтап, құтты қонысқа қондыру — әке-шешенің қарызы.

Жас келіннің бойына бала біткенін сезісімен, енесі оны өз қаморлығына алып, оны пәле-жаладан, тіл-көзден сақтау шараларын істей береді. Яғни, қазақта бала тәрбиесі баланың шешесінің бойына бітуінен басталады десек, артық айтқандық болмас. Тіл-көз тимесін деп молдаға дұға жаздырып, бой тұмар жасатып береді.

Қазақ халқы қызында, ұлын да тәрбиеден тыс қалдырмаған. Ана құрсағында басталған тәрбие мектебі дүниеге келген күннен жалғасын тауып, есейіп-еңкейген шақта да өзінің ролін жоймағандығын ғылыми педагогиканы зерттеушілер әрбір халықтың өзіндік ерекшелігін ескере отыра, тәрбиенің ғылыми болжамын жүргізуді жалғастырса керек деген.

Баласағұнның қыз баланы тәрбиелеу жөнінде ойлары мағынасы терең. Бала көңілі орнықпаған, әрбір жақсы-жаман жағдайларға еліктегіш деп қыз балаға қазақтың «қызды қырық жерден тыю» дегенге тоқталып: «Қызыңды үйде бексіз ұзақ ұстама, Ауырмай-ақ өлерсің сен, құсадан» — ұл-қызына орынсыз жүргізбей, бейбастыққа да жібермей, «үйінде өсір, бөтен жерде қалдырма!», дейді. Әрине, ата-ана тәрбиесін көрмеген ұрпақ — көргенсіз. Ұрпақ — болашағың, осыған орай халықтық сипаттың, ұлттық мінез-құлық ерекшеліктерінің қайнар көзі осы «Құтты білікте» айқындалған. Халықтың ұлттық ерекшелігінің көріністері, наным-сенім, сана, салт-дәстүр белгілері, оның жалпы адамзаттық, адамдық қасиеттермен ұласатын көріністері осы Баласағұн дастан мен қазақ әдебиетінің түйінді байланыстарынан да көрінеді. Халқымыздың қанына сіңген қасиеттер; үлкенге құрмет, кішіге ізет, барға қанағат, қонақ-жай жомарттық, мейірімділік, бала тәрбиесіндегі ұстамдылық пен балажандылық, кішіпейілділік, отбасындағы ізгі сипат белгілері, мемлекеттік іс, тұрмыс, өмір, мораль, этика тақырыптарын толғаған.

Өте құнды жастарға жазған «Үйлену туралы тақырыбында: «Қалыңдықты алу оңай. Тойда оңай, Табу қиын, осы жағын ойлағай, Таңдағанда — ақылына қарарсың, әдептісін, ісімерін қаларсың?!» — депті ақын, адамшылық қасиеттерге сүйеніп адам, қыз сынау керектігін ескерген. Әрмен қарай: «Адал жарда болмаса ізі күдіктің — Бақыты сол, байлығы сол жігіттің», — деп жігітке жар таңдағанда жаны таза, ақылды, ақ ниетті, әдептісін таңдаған, байлығың да, жақсы мінездісін де, яғни, барлық жақсылықты қолына қондырарсың, дейді [3].

Ал, жігіттерге де «адамшылыққа — адамшылдық, (600, 601) қайырымға — қайырым ету туралы өсиеттерінде, «Адамшылық — адамға тән қазына, солай қазір, солай болғын бағыдан, деп қайырымды болу керектігін», қызмет еткен азаматша жаныңда, Жайдай көріп, ар жолынан жаңылма! деген. Жастардың назарын әдептілікке, сыйласымдыққа мейірімділікке бейімдеуді үлкен мәселе етіп кояды.

Жүсіп Баласағұн өз шығармасында заманның бұзылғандығы, достардан жапа шеккендігі туралы баяндайды.

Кісілер көп, кісілікке кендеміз,
Адалы аз, адам атты пендеміз.
Кісі сирек емес, сирек кісілік,
Кісіліктің қадірін біл, түсініп! —

деп адамдардан кісіліктің жоқтығы, ағайын-достық арасындағы қарым-қатынаста жаттан айырмашылығының болмауы, халық арасында иман, сенім мен жақсы қасиеттің қалмағанын өкіне баяндайды. Сонымен бірге жігіттікке ашынып, өкініп, қарттық туралы да айта келе, ол өзіне ақыл-кеңес беру арқылы, қоғам мүшелеріне ықпал еткісі келеді. Ақынның дастан жолдарында айтылған мына сөздері:

Сөзді тура, ащы, қатты сөйледім,
Түзу сөзді ұғар түзу ел дедім.

Репозиторий КарГУ

Оқушыға аса ауыр келмесін,
Ашық айтып, көрінгенді термедім! —

оның шын мәнінде ел жағдайына немқұрайлы қарамағандығын көрсетеді.

Жалпы ақын адамның кемелдену жолдарын айқындайды. Оның барлық көріністері өлең жолдарында айтылады және оның сапалық белгілері мынада деп ойлаймыз: 1. Адам баласының қадір-қасиеті — білім мен ақылда. Ол адам кемелденуінің алғашқы жолы. Ғылым іздеу — мұсылманның бір парызы; 2. Тілдің пайдасы мен зияны бірдей; 3. Ізгілік — адамзат үшін ең қажетті қасиет; 4. Даңқ пен дәулетке мастанба, ол бір орнында тұрмайды; 5. Әділеттің жолын ку, шыншыл бол; 6. Сараңдық пен ашкөздіктен аулақ бол; 7. Иттердің басшысы арыстан болса, иттер де арыстандай күркірер, ал арыстандардың басшысы ит болса, иттің тірлігін қылар; 8. Тексіз кісі уәзір бола алмайды. Бек қандай болса, уәзірі де сондай; 9. Намысшыл ер бол; 10. Өз пайданнан гөрі ел пайдасын ойла. Қайырымды бол.

Еліміздің Президенті Н.Назарбаев «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыру жөніндегі мәжілісте сөйлеген сөзінде атап көрсеткендей-ақ, «адамзат тарихының күретамыры — мәдениет, ал мәдениеттің күретамыры адамзаттың ақыл-ойы мен іс-әрекетін дүниеге әкелген материалдық құндылықтар болып табылады. Бұл бәрімізге белгілі ақиқат. Қай халықтың болмасын өзге жұртқа ұқсамайтын, бөлек болмыс-бітімін даралап, өзіндік тағдырын айқындайтын басты белгі — мәдениеті. Мәдениет — ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады» [2].

Ал мәдениет жетістіктерінің бір айғағы болып табылатын халықтың әдебиет тарихын — сол халықтың қоғамдық санасы мен әлеуметтік ой-пікірінің даму тарихы деуге болады. Елдің ой-өрісі мен философиялық даму дәрежесін анықтау үшін ең алдымен сол халықтың фольклоры мен ежелгі әдеби, мәдени мұраларына көз салынатыны мәлім. Өйткені халықтың рухани мұрасы көптеген ғасырлардан бері жиналған жемісі болып табылады.

Міне, сондай мұраларымыздың бірі — Жүсіп Баласағұнның моральдық-этикалық мәселелерді көтеретін «Құтты білік» дастаны. Бұл шығарма мемлекетті басқару әдістерін, адамгершілік принциптерін, қоғамдық-саяси мәні бар түрлі ережелер мен заңдарды, әдет-ғұрыптар нормасын қамтыған, энциклопедиялық дәрежеде жазылған көркем туынды болып табылады. «Құтты білік» — әлем өркениетінен мәңгілік орын алған ақылман дастан. XI ғасырда қазақ жерінде жазылған, түрік тектес халықтардың тұңғыш классикалық шығармасы. Заманында ирандықтар — «Туран шахнамасы», Шын жұрты — «Хандардың әдеп-қағидалары», машиндықтар — «Мемлекеттің дәстүрі», күллі шығыс — «Өмір зейнеті», «Падишаларға насихат» деп таныған. Ал осы кітапты дүниежүзілік асыл қазынаға қосқан түрік жұртының өзі «Құтты білік» деп атап, әзіз кітап ұлылықтың негізі деп білген. Парасат пен ақыл-ой сұлулығын ұрпақтан ұрпаққа мұраға қалдырған осы еңбекте жар таңдау, бала тәрбиесі, ақыл-білім, тіл ұстартудан бастап елдік құру, мемлекет түзу, ел басқаруға дейінгі өмірлік, әлеуметтік мәні аса зор мәселелер жырланған.

«Құтты білік» қазақ тіліне тұңғыш рет аударылып, 1986 ж. жеке том болып жарияланған. 1989 ж. Пекиннің «Ұлттар» баспасы оның қазақша аудармасын араб әрпімен екінші қайтара шығарды. «Құтты білік» кітабы осыдан он ғасыр бұрынғы елдік, халықтық қасиетімізді толық танытатын еңбек болған.

Дастанның басты идеялары төрт принципке негізделіп жазылған: 1) мемлекетті дұрыс басқару үшін әділ заңның болуы; 2) бақ-дәулеттің басқа қонуы; 3) ақыл-парасаттың қоғамдық рөлі; 4) қанағатшылдық мәселесі. Осы принциптерді ұстанған еңбектің негізі әділдік (Күнтолды), бақыт (Айтолды), ақыл (Ойтолды), молшылық (Жетелеуші) сияқты кейіпкерлердің сұхбаты іспеттес жүргізіледі. Адамгершілік, имандылықты насихаттайтын саяси-философиялық трактат идеясы әл-Фарабидің «Қайырымды қаланың тұрғындарының көзқарастар жайындағы» ойлармен ұқсас. Бұл еңбек өз уақытында Қытай, Үндістан, Араб, Парсы ғұламалары тарапынан жоғары бағаға ие болды.

Аталған еңбектері ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән беру адамгершілікке жетелейді. Кең байтақ өлкемізде буыннан буынға жалғасып, ұяттылық, әдептілік, имандылық, көрегенділік, мейірімділік, шарапаттылық, ізет пен ілтипат танытып отыру — әдеп нормалары, ұлттық тәлімнің ең көкейтестісі. Міне, сол қымбат қасиеттердің бәрі отбасы, ошақ қасында басталады. «Ел боламын десең, бесігіңді

Репозиторий КарГУ

түзе» деген қазақ атамыз. Жастарға рухани тәрбие беру құндылықтары — ар, ұят, адамгершілік, адамдық қасиеттерді ардақтау және сақтау.

Әрбір адамның болашағы балалық және жастық шағындағы көргендері мен алған әсеріне тікелей байланысты. Жастар адамның рухын шыңдап, жігер беретін ортада ақыл-ойы ұшқыр, көргенді боп өседі. Ізгілік — адамдықтың негізі, әрі адамгершілік қасиеттерінің жиынтығы.

Құт пен ізгілік — егіз ұғым. Құт пен бақтың бір жерде тұрақтамай, көшіп-қонған кезбе күйі заманына, адамына қарай қалыптасқан салыстырмалы, шартты түсінік. Көрген көз, естіген құлақ, сөйтіп түйін түйген танымда жазық жоқ. Адамдық қасиет пен тірліктің шыңына шығып, басындағы бағын мәңгілік еткен адам аз. Содан да құт пен бақ өзіне жайлы орын таппай, ізгілік іздеп, шарқ ұрып кезбе атанған. Ал ізгілік — мәңгілік кепілі.

Жүсіп Баласағұн таныған кісіге түпкі ой-арманы ізгілік екенін байқатады. Ізгілікті дәріптеу арқылы екі ақын түпкі ой-армандарын табыстырады. Ізгілікті дәріптеп, марапаттауға екі ақын өзіндік таным, қабылдауларын қолданған. «Құтты білік» дастанының мазмұны соншалық бай әрі ауқымды. Жүсіп Баласағұн адамдық әлемді мүсіндеуге әр қырынан келеді. Сөйтсе де әр түрлі тақырыптар бір ғана ізгіліктің қыр-сыры мен құдіретін ашып, танытуға жұмсалады. Дастанның аты «Құтты білік» болса, сол құт пен бақты табатын білік — ізгілік. Әр түрлі астарлы ойлар мен түсінігі тереңге тартып кететін түрлі таным тарауларын таратып бақсақ, тағы да сол ізгіліктің қасиетін тани түсеміз. Ізгілік — Ж. Баласағұнның ең басты айтар ойы.

Ізгілік Ж. Баласағұнның ең басты айтар ойы екенін айттық. Осы ізгілік туралы айтуды ақындағы ізгілікке құштарлық пен ізгілікке іңкәрліктен бастаған жөн. Әрбір кейіпкер өз аты мен затына айналған ұғым, қасиетті таныту қамында көрінеді. Айтолды — құт-береке, бақтың көрінісі. Оқиға мен әңгіме-сұхбаттың басталар тұсында Айтолды тірлігі тақуалыққа жақын еді.

Бірде өзін-өзі сөгіп қамыққан;
Өнерім — мың, қалдым оқшау халықтан!
Неге мұнда бекер жүріп құрайын...

«Адамға өткен дәуір бәрі — сабақ» дегендей, бабалар тәжірибесінен сұрыпталған ой-пікірлер кейінгі ұрпаққа аса қымбат. Олар болашақ мұғалімді қызмет барысында ізгі ұстанымдарға жүгінуге, өзін-өзі басқара білуге, өзін-өзі жетілдіре беруге т.б. кәсіби шеберлікке қажетті қасиеттерге жетелеуге бағытталған. Ата-бабаларымыз сөзге, оның мағынасына терең мән берген.

Өз заманында шоқтығы биік дара тұлға — Ж. Баласағұн. Ол мемлекет басқарудың еліне құт, бақ әкелу өнерін ізгілікті ұстанымға бағдарлау мәселесін «Құтты білік» еңбегінде нұсқалы тұрғыда тұжырымдап берген. Бұл еңбекте мемлекет басқару ісіне қатысы бар барлық тұлғалардың, қызметкерлердің, күтушілердің, т. б. болмыс-бітімін сипаттауда өз ісіне деген парызы мен қарызын айырықша жауаптылықпен орындауына қатысты үлгілер құрған. Аталған еңбектен біз зерттеу жұмысымызға қатысты (ақыл, парасат, ниеті түзу, сөзі шырын, өнерлі, білімді, қолы ашық, пейілі кең, кек сақтамайтын әсем құлықтар т.б.) құнды сөздерді болашақ мамандарға асыл қасиеттерді уағыздайтын өнеге-ғибрат үлгісі ретінде қолдана аламыз [3].

Баласағұн өз пікірлерінде өскен ортаның, кісінің кісілігінің қалыптасуына әсер ететіндігін өте жақсы білген. Сондықтан ол «Азаматсың, бір күн дәмін татқанға, Түбінде бір рахметің қайтқанда. Қайырымды бол, қырық қатар ғаламға, Көзіңді ашып, білім берген адамға» (599) деген ғой ақылды бабамыз. Мұндай ортаның ең бастысы, сайып келгенде жас ұрпаққа кісілік қасиеттерін қалыптастыруына шешуші әсер ететін фактор өз отбасы, ата-әжесі мен өз әке-шешесі, өз аға-жеңгесі, ағалары. Осындай ой-пікірлері ұл да, қыз да ең алдымен өздерінен, әке-шеше, аға-жеңгелерінен үлкенді сыйлау, өзінен кішілерді де кіші деп ілтипатынан қалдырмауға, жомарттылықты да, үйрететін мына бір ақыл сөздерінен байқаймыз: «Досың болса, алға тартқан ақылын, Хан көтер сен, сенсін саған жақының. Қайда жүрсең, жасай көрме бетсіздік». Самарқаулық, ұмытшақтық — тексіздік. Бауырыңдай демеу болған жігітке, Сырт айналма, адамдықтан түңілтпе!» (3.599).

Қорыта айтқанда, Баласағұнның жырларында, шешендік сөздерінде қазіргі мәдениетімізде тығыз ұштасады. Мұндай туындылардан сол кездегі адамдардың, азаматтық қасиеттері мен ұлттық ерекшеліктері жан-жақты көрінеді. Дұрыс жар таңдау, ерге лайықты ат, отау құру — мұның бәрін қазақ жігіт-қыздарына көрсетуіміз абзал.

Таза рух, келісімді мінез-құлық қасиетке толы қадір мен салт-сана, ақыл-парасат, адалдық, инабаттылық бойына сіңген адам кемелденген толық адам болып қалыптасады.

Төл төзімді, салт-дәстүрімізді, тарихымызды ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып отыру — тәлім-тәрбие істерін саналы түрде жүзден асырудың алғышарты.

Репозиторий КарГУ

Әдебиеттер тізімі

1 *Назарбаев Н.Ә.* Қазақстан – 2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: https://ru.wikipedia.org/wiki/Казахстан-2030

2 Мемлекетік «Мәдени мұра» бағдарламасы // Егемен Қазақстан. — 2003. — № 311–312. — 29 қараша. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: ansya.ru/health/ltti-tlim-trbie-dis.../pg-8.html

3 *Баласағұн Жүсіп* Құтты білік / Көне түркі тілінен аударған және алғысөзі мен түсінік. Жазғ. А.Егеубаев. — Алматы: Жазушы, 1986. — 616 б.

К.Ж.Ибраева

Идеи воспитания в педагогическом наследии тюркских народов

В педагогической науке исследование воспитательного опыта тюркских народов с теоретико-методологической точки зрения имеет общественную, социальную, историко-педагогическую важность. Исторические данные свидетельствуют, что значение и содержание патриотического воспитания меняются в соответствии с общественными требованиями. Автор рассматривает основы патриотического воспитания и их использование в назидательном опыте и педагогическом наследии тюркских народов. Как правило, отмечено в статье, тюркский патриотизм, опираясь на тюркские идеи, составляет воспитательную систему, основанную на общетюркской целостности и имеющую историко-педагогическую важность. В современном воспитании, подчеркивает автор, привитие личностью патриотического духа посредством назидательного опыта и педагогического наследия тюркских народов имеет большое значение.

K.Zh.Ibrayeva

Ideas of education and pedagogical heritage of Turkic peoples

In a pedagogical science the research of patriotic education from the theoretical-methodological point of view has public, social, historical-pedagogical importance. The historical items of information testify, that the meaning and contents of patriotic education varies according to the public requirements. We consider its basis in connection with patriotic education in instructive experience and pedagogical heritages of the turkish peoples. As a rule turkish patriotizm basing on turkish idea, makes educational system based on turkish integrity and having historical-pedagogical importance. In the given time to impart the persons patriotic spirit by means of instructive experience and pedagogical heritages of the turkish peoples has great meaning.

References

1 Nazarbayev N.A. *Kazakhstan – 2030. Presidential message to the people of Kazakhstan, A. Bilim*, 1998. p. 90. Message of the President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan, [ER]. Access mode: https://ru.wikipedia.org/wiki/Казахстан-2030

2 State programme «Cultural inheritance», Yegemen Kazakhstan, 2003, 311–312, November, 29, [ER]. Access mode: ansya.ru/health/ltti-tlim-trbie-dis.../pg-8.html

3 Yusuf Balasuguni. *Kutadgu Bilig*, translated from ancient turki language and wrote an introduction part and concepts. A.Yegeubayev, Almaty: Zhazushy, 1986, 616 p.

Репозиторий КарГУ